

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

«МӨҢКЕ БИ»

Алматы. «Ел-шежіре». 2007 жыл 264 бет. 1000 қана.

Редакция аққасы: Есенғали Жүзінісов, Базарбай Сәрсенов, Жоланан Ақияров, Берібай Кемал, Берібай Кәртөң Бақытжан Қосанов.

Жауапты шығарушылар: Есенғали Жүзінісов, Базарбай Сәрсенов, Бақытжан Қосанов.

Құрастырып, баспаға қауынғаған алғы және соңғы сөздерін жазған филология ғылымдарының кандидаты Жұбаназар Асанов.



ӨЛМЕЙТІН СӨЗДІҢ ӨНЕГЕСІ

Соңғы жылдары Мөңке биді Нострадамуспен қатарластыра атау салтқа өнген сыңайлы. Бірер қисындарға қарағанда, бұны әбестікке жатқызудың да жөні жоқ.

Әйтсе де француз дәрігері, 1526 жылы وبا эпидемиясы белге алған кезде, емдік шөп дәрі ойлап тапқаны үшін өмір бойғы зейнетақымен марапатталған медицина докторы, математик, астролог, сәуегей Нострадамус (Мишель де Нотр-Дам) пен Әбілқайыр, Нұралы хандардың оң тізесін басқан, Асан Қайғы үрдісін жалғастырушы көреген дана ойшыл философ, ірі қоғам қайраткері, болжампаз, жырау Мөңке бидің топырақтары да бөлек, уайымдары да басқа еді.

Францияда бұдан 500 жыл шамасы бұрын дүниеге келген Нострадамус, әлгінде келтіргеніміздей, дәрігерлікпен айналысты, медицина кафедрасында доценттік қызмет атқарды, содан соң барып дәрігерлік тәжірибелерді магия, астрология тәрізді оқулықтық ғылымдармен байланыстырды, ақыры катрендермен (төртжолдықтар) жазылған 10 томдық «Центурияларын» қалдырып кетті...

Ал мың сан рулы ел есімін алған, Күлтөбеде Әз Тәукені хан сайлауға, Еңіс Ежіні би сайлауға қатысып, сөз алған белгілі би, батыр, Сайрам соғысының қаһарманы, қолбасшы Тілеу Айтулының отбасында аласапыран заманда (тыныш заман сіре, болды ма екен) дүниеге келген кенже ұл Мөңкенің мектебі, ділі жөнінен еуропалық университеттердің кітаби лекцияларынан мүлде оқшау тұратын, далалық сананың ұлттық отауы еді.

Сол отаудың бүгінгі заманға лайықталған белмелерінің біріне – ұлт аудиториясына бағалы кітап еді.

Әдетте Мөңке биді, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, ақырзаманды болжаушы ретінде зерттейміз. Бұл заңды да.

Мысалы, «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» энциклопедиялық анықтамалығы былай деп жазады:

«МӨҢКЕ БИ. Ноғайлы Мөңке би, Шекті Мөңке би (шамамен 1675 ж. т. қазіргі Ақтөбе обл. Шалқар ауд. маңайы – ө. ж. б.) – белгілі би, Әбілқайыр хан кеңесшілерінің бірі, жырау. М.б. заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» сұңғыла би, келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және дала даналығының көрінісі іспетті ой-тұжырымын тағылымды поэтик, жырағ айналырған жырау ретінде танылған. М.б.-дің философиялық, ритор. сұрақ-жауап, болжау, билік, кесім, шешім түріндегі мұралары өзіндік ерекшелігімен көзге түседі...» («Аруана» баспасы, Алматы, 2005 жыл 375-бет).

Расында да би бабаның сөз орамдары оқыған шақта күрт ойға бойлатады:

*Бай құрып, бақсы азады,
Кен көбейіп, бишара озады,
Түрлі-түрлі халық болады,
Күндіз-түні жарық болады.*

Күндіз-түні жарықтың астында отырып түрлі-түрлі халық көрген өріне, біз ғана емеспіз. Және адамзат дамуының сүйреп әкелетін бұл өзгешеліктерінен ешбір ед, ешқандай ұлт қашып құтыла алмаса керек. Ал қашқысы келгендер...

1942 жылы 23 ақпанда Рио-де-Жанейронның маңындағы Петрополис қаласында әйгілі австриялық жазушы һәм драматург, «Амок», «Мария Антуанетта», «Бальзак» тәрізді мөшһүр туындылардың авторы Стефан Цвейг (1881-1942) Еуропаның рухани азып-тозуына қарсылық ретінде әйелімен бірге өзін өзі өлтірді...

Одан соң да Еуропаның есі кіргені шамалы. Социалистік қоғам дейтін темір шарбақтың ішінде бірі жетпіс, бірі қырық жыл шамасы қамалып отырған көптеген елдер соңғы он бес-жиырма жылдың ішінде берісі сол Еуропадан, өрісі Америкадан рухани азып-тозудың нәбір үлгілерін үйреніп жатыр. Мөңке бидің:

Орай салып бастарын,

*Жалпылдатып шаштарын,
Емшектері салпылдап,
Тақымдары жалпылдап,
Ұят жағы кем болар, –
дейтін ақырзаманы, бәлкім, осы шығар.*

Әлгінде еске алғандай, қазақтың жалпақ тілімен ақырзаман атауы берілген кезеңнің етек-жеңін жинау қиын. Ел аузында келе жатқан ертеректегі жырларды былай қойғанда, жазба әдебиетіміз жаңа заманға лайықталып қалыптасқаннан бергі кезеңдерде, мысалы, Бейімбет Майлиннің кейіпкерлері де ақырзаманды дәмін келтіре айтып күңіретінін еске алсақ, біраз бас сипап, қыбыжықтауға тура келеді. Дегенмен өркениеті әбден толықсыған мына заман біздей талайларды абыржытып жүр. Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев бұл ретте былай дейді:

«Ежелгі киелі шежірелер де, осы заманғы ғылым да, бүгінгі саяси тәжірибе де бірдей растап отырған «жаңа заманның» аты өлі қойылған жоқ. «Постиндустриялық қоғам» (Д.Белл), «ақпараттық қоғам» (О.Тоффлер), «бағдарламалық қоғам» (А.Турен), «жүйелік қоғам» (М.Кортельс), «цивилизациялық қоғам» (А.Нерсециян), т.т. Ұсынылып жатқан аттар көп. Бірақ адамзат көңіліне ешқайсысы да түпкілікті қонақтай қойған жоқ.»

Міне, осындай заманға бас тіреп тұрған шағымызда, мойынымызға кигізілген қамыттың салмағын шындап сезіну үшін бізге Мөңке би тәрізді дала даналарына қайта оралып отыру керек-ақ екен.

Өлбетте ілгерідегі сөз бізге сол ілгеріде ғұмыр кешкен ірі тұлғалардың пайым-парасаттары арқылы жететіні мәлім. Ал Мөңке бидің толғаулары өзі кеңес ішінде болған Кіші жүз территориясымен шектеліп қалмапты.

Мысалы, Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы Семейдің «Губиздат» баспаханасынан 7400 данамен шыққан «Сауат ашқыш» атты оқулығында жеті жасында билік айтқан Шекті ұлы Мүңке (Мөңке) бидің кісі құнына қатысты дауды қалай әділ шешкені туралы әңгімені жариялапты. Ал Жүсіпбек Аймауытовтың «Ел қорғаны» пьесасында мынадай жолдар бар:

«...! ақсақал (даусын созып) Не оңдырушы еді? Заман ақырдың белгісі де. Жарықтық Мөңке би болжап кетті ғой.

*Жас баладан биің болар,
Жас балшықтан үйің болар.
Ат жақсысы арбада болар,
Жігіт жақсысы саудада болар, –
депті ғой өтерінде. (Қасындағыларға) Сол айтқанның бәрі келген жоқ па? (Бай, би, ақсақалдар басын изеп) Рас айтасыз, әулие ғой олар... (Алматы, «Жазушы» баспасы, 1989 жыл Шығармалары, 429-430 беттер).*

Мөшһүр Жүсіп Көпеевтің 1992 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Таңдамалы шығармаларында» «Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің тапқақтап айтқан сөзі» деген атаумен 100 жолдан астам ұзақ толғауы берілген. 1924 жылы «Сәуле» журналының №1 санында жарияланған Шекті Мөңке би шеркеш Түрке би, тана Нүрке билермен кеңесіп отырып айтты деген сөздерді («Бұл-бұл үйрек, бұл үйрек») Сәкен Сейфуллин өзінің «Қазақ әдебиеті» атты еңбегіне енгізген. Аузын бағып сөйлеуге мәжбүр болған, сырттай сынаған болып көрінгенімен, іштей сырына тәнті болып отырған Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабында: «...Кердері Әбубәкір сияқты Мөңкенің жаңа заманның бірқатар көріністеріне «бәленің басы» деп қарауы да болған. Бірақ Мөңкеден басталған тапқыр сөз дәстүрі ол өреде үлкен орын ала-

ды», – деп жазады.

Ал беріге келсек, қазақ жұртына мәлім ғалымдар Серғали Толыбеков («Қазақ шежіресі»), Балтабай Адамбаев («Шешендік сөздер»), Тұрсынбек Көкішев («Билер сөзі»), Серік Негимов («Шешендік өнер»), Мәтжан Тілеужанов («Сырым Датұлы және оның шешендік сөздері»), Шәмшәдин Керімов («Ана тілі» газеті, «Ақырзаман болғанда»), Бауыржан Омарұлы («Зар заман поэзиясы»), т.б. өз еңбектеріне Мөңке би сөздерін енгізіп отырды.

Ал біздің қолымыздағы кітаптың бас мақаласы ретінде заң ғылымының докторы, профессор, қазіргі Қызылорда облысының өкімі Мұхтар Құл-Мұхамедтің «МӨҢКЕ БИ. АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ» атты еңбегін атаған жөн сияқты. Жиырма беттен астам көлемді қамтыған бұл мақалада Мөңке би заманы ғана емес, Шыңғыс хан мен Едіге би дәуірлерінен де мол мағлұматтар беріледі. Автор мынадай тұжырым жасайды:

«...Ендеше Мөңке би мен Едігенің арасын төмендегідей желімен жалғауға болады. Мөңке би – Тілеу – Айт – Бөлек – Қалу – Сирақ – Мұса хан – Уақас би – Нұраддин мырза – Едіге би. Бұдан арғы Әбу-Бәкір халифке дейінгі шежіре жоғарыда келтірілгендіктен қайталаудың реті жоқ деп есептейміз.»

Осы арада автор дәйектемелеріне сүйене отырып, қысқаша түсінік бере кеткеніміз мақұл сияқты. Едіге би – тарихи деректерде «Дешті Қыпшақ әміршісі», «Татария императоры», «Алтын Орда билеушісі», «Ел қамын жеген Ер Едіге» аталатын алып тұлға. Ал оның (Ер Едігенің) ата-тегі туралы М.Құл-Мұхамед былай деп жазады:

«...Бұл шежіреден шығар қорытынды: Едігенің ата теңі көптеген зерттеушілер жаңылыс жазып жүргендей ешқандай да «маңғыт» емес, 632 жылы Мұхаммед пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін «тура жолды халифтер» (алхулафа ар-рашидун) әулетінің негізін салған пайғамбарымыздың сүйікті жары Айша хазіреттің өкесі, Мұхаммедтің сенімді серігі Әбу-Бәкір халиф болып шықты («халиф» араб тілінен аударғанда мұрагер, соның жолымен жүруші деген мағынаны білдіреді).»

Автор осыларды баяндай келе бір салмақты ой тастайды: «...Сонымен Мөңке би Әбілқайырдың ақылгөй биі болып қана қоймай, оның ұлы Нұралыны хан тағына отырғызу үшін Ресеймен дипломатиялық байланысқа түсіп, өзін XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының беделді қайраткері ретінде де көрсете білді. Ендеше біздің ғалымдарымыз Мөңке өмірін зерттегенде оны би, шешен жырау болды деген анықтамалар аясынан шығып, өз заманының көрнекті мемлекет қайраткері болғандығына ерекше назар аударуы керек деп білеміз. Жоғарыдағы қос құжат оның осы қырын зерттеймін деп құлшынған зерделі жастарға өлі талай ашылмаған мүмкіндіктердің бар екендігін аңғартса керек.»

Міне, осы жайларды зерделей келіп Мұхтар Құл-Мұхамед Мөңке бидің және мына төрт қырын жан-жақты ашып беріпті:

- Мөңке – би;**
- Мөңке – философ;**
- Мөңке – сәуегей;**
- Мөңке – жырау.**

Филология ғылымдарының докторы Серікқали Баймөңшенің «Мөңке бидің Нострадамустан несі кем?» деп аталатын мақаласы да ұлы

баба туралы айтылған деректердің басын жиып, оларды қазіргі заманмен байланыстырып талдаған сүбелі дүние екен. Ал Бердібай Кемал «Қай Мөңке би?» атты мақаласында бұған дейінгі деректерде Ноғайлы Мөңке би, Хорезмдегі Ақыр Мөңке би, Шөмекей Мөңке би, Жетіру Мөңке би ретінде аталып келген тұлғалардың барлығы да, айналып келгенде – бір адам, Шекті Мөңке би екенін дәлелдеуімен құнды болып шыққан.

Кітапты оқи отырып байқағанымыз, бұған дейін тек дерекнама көзі ретінде ғана пайдаланылып келген Мөңке би сөздерін әдеби айналысқа өңгізу тарапында тәуір қадамдар жасалыпты. Жұбаназар Асанов «Қазақ әдебиетіндегі болжампаздық мәселесі және Мөңке би шығармашылығы» деген мақаласында халық ертегілері мен батырлар жырларындағы (Түнде батыр тұс көрді, түсінде қиын іс көрді) сәуегейліктер мен Асан Қайғы, Бұқар жырау жырларындағы болжауларды би бабаның сөздерімен шендестіреді. Ал Берібай Кәртөңнің «Зар заман поэзиясының суаты» деп аталатын мақаласы Мөңке шығармаларымен кейінгі Мұрат, Сарышолақ, т.б. толғаулары үндес келетіні туралы ләзиз қосады. Осы ретте кітапта қайраткер жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романынан үзінді келтірілгенін, Мөңке би турасында көрнекті жазушы Шерхан Мұртаза, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Ғалымжан Нұрышев, журналистер Қали Сәрсенбай, Идош Асқар тұшымды пікірлер қосқанын айтып өткен де жөн.

Тағы бір ерекшелік, жинақта Мөңке бидің өкесі Тілеу мен кейінгі ұрпақтары жөнінде де біршама мақалалар бар: Кемейдулла Төлөубай – «Жігіттің сұңқары болған» (Тілеу Айтулы), Берібай Көртөн – «Тілеу-Қабақ – Сарышолақтың өні», Жайнагүл Төлемісова – «Тілеу ұрпағы Мырзагүл Шманұлының Сарышолақ жырларындағы образы», Төлөубай Төлепбергени – «Тектіден өрбіген тарлан» (Мұхамбетқазы Төжин).

Негізгі әңгімемізге қайыра оралсақ:

*Ертеңің сенбейтін күнің болады,
Бетіңнен алып түсетін інің болады.*

*Алашұбар тілің болады,
Дудамалдау дінің болады.
Әйелің базаршы болады,
Еркегің қазаншы болады.
Жылқы жұлдыз болады,
Қой құндыз болады.
Көбір – жерге теңеледі,
Әйел – ерге теңеледі.
Сыыр – өзгезе теңеледі,
Ақырзаман адамы...
Бір-біріңе қарыз бермейді,
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.*

*Сарылып келіп тосады,
Құны жоқ қағазды судай шашады,*

– деп толғанған Мөңке би, бірақ аспан асты, жер үстін қара суға алдыра да бермеген екен. Бір сөзінде: *Күндердің күнінде айтарлықтай заман туады,*

Сол заман жоқшылықтың берін туады – депті. Сол заман, бәлкім, тәуелсіздік басымызға қайта оралған осы кезең шығар. Ендеше өткенге салауат айтып, сол Мөңке би тәрізді бабалардан қалған асыл сөздерді өлсін-өлсін осылай ортаға алып, бағасын жиі бағамдап отырсақ, көшіміз де түзелер берер-ақ.

Ертай АШЫҚБАЕВ.